

Келісемін
Әдістемелік кеңес отырысында
ӘК төрайымы
Анапиянова М.М. _____
2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 1 хаттама

Бекітемін
«Тереңкөл ауданының аграрлық -
техникалық колледжі» КМҚК басшысы
Габидулин Р.М. _____
« _____ » _____ 2019 ж.

КОЛЛЕДЖДІҢ ОҚУ – ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы «Оқу – әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» № 583 бұйрығына сәйкес және негізінде әзірленген.

1.2 «Тереңкөл ауданының аграрлық – техникалық колледжі» КМҚК әдістемелік жұмысы құрылымдық бөлімшелері басшыларының, педагогикалық кеңес және әдістемелік комиссиясының, педагог қызметкерлердің қызметінің негізгі түрлерінің бірі болып табылады.

2. Мақсаттары мен міндеттері

Оқу – әдістемелік жұмыс ғылым мен білім интеграциясы, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу мен енгізудің оқу үдерісін қамтамасыз ету және жетілдіру, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Оқу – әдістемелік жұмыстың міндеттері:

- білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми – әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім беру үрдісінің жаңа технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын әзірлеу, ендіру және қолданыстағыларын жетілдіру;
- педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту, педагог қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми – әдістемелік әлеуетін жетілдіру болып табылады.

3. Оқу-әдістемелік жұмыстың мазмұны

Оқу-әдістемелік жұмыс келесі бағыттарын енгізеді:

1) зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, нормативтік құқықтық құжаттарды, білім беру басқармасы органдарының ұсыныстарын талдау және іске асыру; оқу-бағдарламалық құжаттар, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

2) жаңа оқу бағдарламаларын және оларды оқу үдерісіне енгізу туралы ұсыныстарын зерделеуді ұйымдастыру;

3) еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, стандарттар мен оқу бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар енгізу;

4) ағымдық, аралық бақылаудың қорытындыларын талқылау, студенттердің білім сапасын, дағды мен біліктіліктеріне талдау жасау және нәтижелерді жақсарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

5) педагогикалық тәлімгерлікті ісін ұйымдастыру, жаңа бастаған педагогикалық қызметкерлер мен өндірістік оқыту шеберлеріне оқу сабақтарын, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік материалдар дайындау мен өткізуге және оқудан тыс шаралар өткізуге көмек көрсету;

6) сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру, ашық сабақтар өткізу және оларды талқылау; оқу-тәрбие жұмысына ғылым және техника, озық тәжірибенің жетістіктері жұмыстарын және оқытудың жаңа технологияларын зерттеу, іріктеу және практикаға енгізу;

7) мамандықтар бойынша кәсіби шеберлік, тақырыптық, ғылыми, ғылыми-әдістемелік конкурстар, семинарлар, конференциялар және ғылыми-әдістемелік кеңестер ұйымдастыру және өткізу;

8) педагогикалық, ғылыми, әдістемелік әдебиеттер шолуларын, рефераттар, баяндамалар, әдістемелік әзірлемелер мен құралдар, оқытудың техникалық құралдарын және электрондық-есептеу техникасын ұйымдастыру;

9) ынтымақтастық педагогикасы, өзін-өзі басқаруға, білім алушыларды оқу-тәрбие үрдісін жақсартуға тарту және еңбекті ұйымдастырудың тиімді нысандарын неғұрлым кеңінен пайдалану, өзара тексеру және өзара көмек көрсету бойынша жұмысты жетілдіру.

4. Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тәртібі

4.1 Оқу-әдістемелік жұмыс іске асыратын, оқу процесін, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын үйлестіретін барлық құрылымдық бөлімшелерінде, әдістемелік жұмысы қызметінің негізгі түрі болып табылатын ұйымдарда жүзеге асырылады.

4.2 Оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері әдіскерлер болып табылады, олардың саны білім беру ұйымының кеңесі мамандықтар жиынтығын және оқу орнының мамандануын, сондай-ақ білім алушылар мен оқытушылардың санын ескере отырып санын реттеледі.

4.3 Білім беру ұйымның оқу-әдістемелік жұмысының тікелей басшылығын оқу – өндірістік ісі жөніндегі басшысының орынбасары жүзеге асырады.

4.4 Ұжымдық әдістемелік жұмыс нысандары циклдік әдістемелік комиссиялар, педагогикалық шеберлігін арттыру мектебі, тәлімгерлік мектебі, семинарлар, дәрістер, практикалық сабақтар, конференциялар болып табылады.

4.5 Әдістемелік циклдік комиссиялар арнайы және жалпы білім беретін пәндерінің үш оқытушылары, мамандықтар бойынша өндірістік оқыту шеберлері болған жағдайда құрылады.

4.6 Циклдік әдістемелік комиссиялар басшылығын анағұрлым тәжірибелі оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері қатарынан сайланған төрағалары жүзеге асырады.

4.7 Оқу-әдістемелік құжаттама білім беру ұйымдарының тиісті құрылымдық бөлімшелерімен әзірленеді және циклдік әдістемелік комиссия отырыстарында талқылаудан өтеді, басшы мен оқу – өндірістік ісі жөніндегі басшының орынбасары бекітеді.

4.8 Жұмыс оқу бағдарламаларын және сабақ жоспарларын типтік оқу бағдарламасына сәйкес оқытушылар әзірлейді, циклдік әдістемелік комиссия отырыстарында қарастырылады және оқу – өндірістік ісі жөніндегі басшының орынбасарымен бекітіледі.

5. Оқу-әдістемелік жұмысы бойынша циклдық комиссиялары

5.1 Циклдік әдістемелік комиссиялар салалық белгілері бойынша ерікті негізде құрылады және қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1) техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен электрондық оқулықтарды дайындау бойынша жұмыстар жүргізу;

2) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша конференциялар, семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

3) техникалық және кәсіптік білім беру оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеуді ұйымдастыру;

4) оқытудың қазіргі заманғы технологияларын енгізу, білімді бақылау және оқу үрдісін ақпараттандыру жөніндегі ұсыныстар мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу;

5) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысының қызметін ұйымдастыру тәжірибесін зерделеу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар даярлау;

6) білім алушылардың ғылыми-техникалық шығармашылық тәжірибесін жинақтау, мамандықтар бойынша кәсіптік шеберлік конкурстар ұйымдастыру және өткізу;

7) халықаралық, республикалық конференцияларға қатысу үшін және білім беру ұйымдарындағы оқытушылардың ұқсас кәсіптер мен мамандықтар бойынша республикада, ТМД елдерінде және алыс шет жерлерде тәжірибеден өту үшін ұсыныстар енгізу;

8) жастар мен жұмыспен қамтылмаған халықтың арасында кәсіби бағдарланған жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу;

9) оқу-әдістемелік әдебиеттермен, оқытудың педагогикалық құралдарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен, фильмдермен және қазіргі заманғы оқыту құралдарымен қамтамасыз етуді бағалау жайы туралы талдамалық материалдарды дайындауға қатысу;

10) колледждарда ұйымдастырылатын техникалық және кәсіптік білім беру мамандардың біліктілігін арттыру курстарын әдістемелік қамтамасыз ету;

11) білім беру бағдарламаларының ақпараттық деректер банкіні құру, мамандар даярлауда сапа мониторингін ұйымдастыру.

Циклдық комиссиялардың шешімдері ұсынымдық сипатта болады және мамандығы бойынша барлық комиссия мүшелеріне жеткізіледі.